

6B01504 – БИОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БАКАЛАВРЫ ТҮЛЕГІНІҢ МОДЕЛІ

Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай негізгі кәсіби құзіреттіліктерді меңгерген бәсекеге қабілетті,биология ғылымы саласындағы өзекті мәселелерді шеше алатын биология мұғалімдерін даярлау

Түлек моделі:

1. Өзінің пәні саласындағы кәсіби маман;
2. Сыни ойлау және эмоциялық интеллект;
3. Көшбасшылық қасиеттері: кәсіпкерлік дағдылар, шешім қабылдай білу;
4. Жеке сана мен академиялық адалдықтың жоғары деңгейі;
5. Жаһандық азаматтық, өз елінің азаматы және патриоты болу.

Бакалавр бағдарламасын меңгерген түлек кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келетін құзыреттерге ие болуы тиіс:

1. **Пәндік білім:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінігін меңгерген, кәсіби қызметте білімді қолданады.
2. **Ұйымдастыру - әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметті жоспарлауда, ұйымдастыруда және басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді мәселелерді шешуде сыни ойлау мен креативтілік танытады.
3. **Зерттеу дағдылары:** ғылыми - әдістемелік жұмысты жүргізеді, білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тартады.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдылар:** командада жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдени және толерантты азаматы болуға қабілетті.
6. **Өмір бойы оқуға қабілеті:** қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес өз қабілеттері мен мүдделерін үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдылар:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметте АКТ қолданады.